



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.Н.Иманғалиев
« 1 » _____ 2016 ж.

Тест спецификациясы

1. Тест тақырыбы: «Қазақстан Республикасы заңнамасын білу» блогы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру қызметтерін жүргізетін педагог қызметкерлерді аттестаттауға арналған тест тапсырмалары.

2. Мақсаты: Тест Қазақстан Республикасы аумағында білім беру қызметін жүргізетін педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауға біліктілікті тестілеу өткізу үшін құрастырылған.

3. Міндеттері: Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тестке келесі нормативтік құқықтық акттер негізінде құрастырылған тапсырмалар енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Тапсырманың тестідегі орны	Қиындық деңгейі
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	01	Қазақстан Республикасы конституциялық құрылымының негіздері	1,2	А, В
		02	Қазақстандағы адам және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері	3,4	А, В
		03	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесі	5,6,7	А, В, А
2	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы	01	Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Білім беру жүйесін басқару	8,9	А, В
		02	Білім беру мазмұны және білім беру қызметін ұйымдастыру	10,11,12	А, В, А
		03	Педагог қызметкердің мәртебесі	13,14	А, В
3	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңы	01	Қазақстан Республикасында бала құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау	15,16,17	А,В,С
4	Қазақстан Республикасының еңбек кодексі	01	Еңбек шарты	18	А
		02	Жұмыс және демалыс уақыты	19	А

	03	Еңбек тәртібі	20	А
--	----	---------------	----	---

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 12 тапсырма;

Екінші деңгей (В) - 7 тапсырма;

Үшінші деңгей (С) - 1 тапсырма.

5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының Конституциясы: мемлекеттің қоғамдық және мемлекеттік құрылым негіздерін, адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесін бекітетін негізгі нормативтік құқықтық акт.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы: білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайтын және мемлекет азаматтарының, сондай-ақ мемлекет территориясында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық акт.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңы: мемлекет территориясындағы бала құқықтары мен бостандықтарын бекітетін, олардың қамтамасыз етілуінің кепілдіктерін анықтайтын және қорғалуын жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық акт.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тура қатысы бар басқа да қатынастарды реттейтін, еңбек қатынастардағы тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төменгі мөлшерін анықтайтын нормативтік құқықтық акт.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт –2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Тапсырмалар формасы:

Берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.

Нұсқау: «Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».

9. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін- 1 балл. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл.

Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта 20 балл алады.

10. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңы
4. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі

ҰТО директоры



К. Әбдиев